

## Респубикалық және өнірлік маңызы бар индустриялық аймақ туралы үлгілік ережелерді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 1 тамыздағы № 607 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 5 тамызда № 19200 болып тіркелді

"Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы" 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 6) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

### 1. Коса беріліп отырған:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес респубикалық маңызы бар индустриялық аймақ туралы үлгілік ереже;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес өнірлік маңызы бар индустриялық аймақ туралы үлгілік ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустріялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетіне заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Индустрія және  
инфрақұрылымдық даму министрі

P. Склляр

Қазақстан Республикасы  
Индустрія және  
инфрақұрылымдық  
даму министрінің  
2019 жылғы 1 тамыздағы

## Респубикалық маңызы бар индустриялық аймақ туралы үлгілік ереже

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Республикалық маңызы бар индустриялық аймақ туралы үлгілік ереже (бұдан әрі – Үлгілік ереже) "Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы" 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 6) тармақшасына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және респубикалық маңызы бар индустриялық аймақтың мақсаты, міндеттер мен жұмыс істеуін айқындайды.

2. Республикалық маңызы бар индустриялық аймақта қызмет Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Осы Үлгілік ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) индустриялық аймақ – жеке кәсіпкерлік субъектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кәсіпкерлік қызмет, оның ішінде өнеркәсіп, агроөнеркәсіптік кешен, туристік индустрия, көлік логистикасы, қалдықтарды басқару саласындағы қызмет объектілерін орналастыру және пайдалану үшін берілетін, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген аумақ;

2) респубикалық маңызы бар индустриялық аймақ – респубикалық бюджеттен толық не ішінара қаржыландырылуын жүзеге асыру болжанған жағдайдағы индустриялық аймақ; немесе Заңының 24-бабына сәйкес арнайы экономикалық аймақ таратылғаннан кейін мәртебе алған индустриялық аймак;

3) индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы – индустриялық аймақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін Заңға сәйкес құрылатын немесе айқындалатын заңды тұлға;

4) индустриялық аймақтың қатысуышы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен индустриялық аймақтың аумағында кәсіпкерлік қызмет объектілерін орналастыруды және пайдалануды жүзеге асыратын, олармен индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасасқан дара кәсіпкер, заңды тұлға;

5) инфрақұрылым объектілері – арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың жылу және электр энергиясын өндіру және (немесе) беру, сумен жабдықтау және газбен жабдықтау, көріз, көлік коммуникациялары, көрсетілетін байланыс қызметтері объектілерінің және өзге де объектілердің құрамына кіретін объектілер;

6) уәкілдепті орган – арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың құрылуды, жұмыс істеуі және таратылуды саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

7) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) - облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган.

## **2-тaraу. Республикалық маңызы бар индустриялық аймақтың мақсаты мен міндеттері**

4. Республикалық маңызы бар индустриялық аймақ өнірлерде кәсіпкерлікті дамытуды инфрақұрылымдық қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

5. Республикалық маңызы бар индустриялық аймақтың негізгі міндеттері:

1) өнеркәсіп, агроөнеркәсіптік кешен, туристік индустрия, көлік логистикасы, қалдықтарды басқару саласындағы жеке кәсіпкерлікті жеделдетілген дамытуға жәрдемдесу;

2) жаңа өндірістердің инфрақұрылымын құруға және дамытуға шығындарды оңтайландыру;

3) өндірістің тиімділігін арттыру;

4) халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету.

## **3-тaraу. Республикалық маңызы бар индустриялық аймақтың басқарулығы және жұмыс істеуі**

6. Республикалық маңызы бар индустриялық аймақтар мемлекеттік меншіктегі және Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жер пайдалануға берілмеген жер участеклерінде кемінде жиырма жыл мерзімге құрылады.

7. Үәкілетті органмен келісу бойынша республикалық маңызы бар индустриялық аймақты құру және оның аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгертуді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

8. Республикалық маңызы бар индустриялық аймақ осы индустриялық аймақтың құрылу мерзімі өткен соң таратылады.

9. Осы Үлгілік ереженің 6-тармағында көрсетілген индустриялық аймақтың жұмыс істеу мерзімі жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша ұзартылады.

10. Республикалық маңызы бар индустриялық аймақ қызметі басқарушы компаниямен үш жылдық кезеңге бекітілетін индустриялық аймақтың даму стратегиясына, сондай-ақ Заңның 14-бабы 8) тармақшасына сәйкес өзірленетін даму жоспары және оның инфрақұрылымына сәйкес жүзеге асырылады.

11. Республикалық маңызы бар индустриялық аймақта қатысушылардың қызметі индустриялық аймақтың қатысушысы немесе бірнеше қатысушысы мен индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы арасында жасалатын, индустриялық аймақтың

аумағында және (немесе) олардың құқықтық режимінде қызметті жүзеге асыру талаптарын, тараптардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейтін шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

12. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді "бір терезе" қағидаты бойынша ұсынуды респубикалық маңызы бар индустриялық аймақтың аумағында "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

13. Респубикалық маңызы бар индустриялық аймақ қызметінің тиімділігін бағалау Заңының 11-бабы 19) тармақшасына сәйкес уәкілетті органмен бекітілетін Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

## **4-тaraу . Қорытынды ережелер**

14. Осы Үлгілік ережемен реттелмеген респубикалық маңызы бар индустриялық аймақтың қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық  
даму министрінің  
2019 жылғы 1 тамыздағы  
№ 607 бұйрығына  
2-қосымша

## **Өнірлік маңызы бар индустриялық аймақ туралы үлгілік ереже**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Өнірлік маңызы бар индустриялық аймақ туралы үлгілік ереже (бұдан әрі – Үлгілік ереже) "Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы" 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 6) тармақшасына (бұдан әрі - Зан) сәйкес әзірленді және өнірлік маңызы бар индустриялық аймақтың мақсаты, міндеттер мен жұмыс істеуін айқындайды.

2. Өнірлік маңызы бар индустриялық аймақта қызмет Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Осы Үлгілік ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) индустриялық аймақ – жеке кәсіпкерлік субъектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кәсіпкерлік қызмет, оның ішінде өнеркәсіп, агроөнеркәсіптік кешен, туристік индустрия, көлік логистикасы,

қалдықтарды басқару саласындағы қызмет объектілерін орналастыру және пайдалану үшін берілетін, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген аумак;

2) өңірлік маңызы бар индустриялық аймақ – жергілікті бюджеттен толық не ішінәра қаржыландырылуын жүзеге асыру болжанған жағдайдағы, индустриялық аймақ;

3) индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы – индустриялық аймақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін Занға сәйкес құрылатын немесе айқындалатын занды тұлға;

4) индустриялық аймақтың қатысушысы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен индустриялық аймақтың аумағында кәсіпкерлік қызмет объектілерін орналастыруды және пайдалануды жүзеге асыратын, олармен индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасасқан дара кәсіпкер, занды тұлға;

5) инфрақұрылым объектілері – арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың жылу және электр энергиясын өндіру және (немесе) беру, сумен жабдықтау және газбен жабдықтау, көріз, көлік коммуникациялары, көрсетілетін байланыс қызметтері объектілерінің және өзге де объектілердің құрамына кіретін объектілер;

6) уәкілетті орган – арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың құрылуы, жұмыс істеуі және таратылуы саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

7) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыretі шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган.

## **2-тaraу. Өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың мақсаты мен міндеттері**

4. Өңірлік маңызы бар индустриялық аймақ өңірлерде кәсіпкерлікті дамытуды инфрақұрылымдық қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

5. Өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың негізгі міндеттері:

1) өнеркәсіп, агроөнеркәсіптік кешен, туристік индустрия, көлік логистикасы, қалдықтарды басқару саласындағы жеке кәсіпкерлікті жеделдетілген дамытуға жәрдемдесу;

2) жаңа өндірістердің инфрақұрылымын құруға және дамытуға шығындарды оңтайландыру;

3) өндірістің тиімділігін арттыру;

4) халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету.

### **3-тaraу. Өнірлік маңызы бар индустриялық аймақтың басқарылуы және жұмыс істеуі**

6. Өнірлік маңызы бар индустриялық аймақтар мемлекеттік меншіктегі және Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жер пайдалануға берілмеген жер участкелерінде кемінде жиырма жыл мерзімге құрылады.

7. Өнірлік маңызы бар индустриялық аймақты құру және оның аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгертуді облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

8. Өнірлік маңызы бар индустриялық аймақ осы индустриялық аймақтың құрылу мерзімі өткен соң таратылады.

9. Осы Үлгілік ереженің 6-тармағында көрсетілген индустриялық аймақтың жұмыс істеу мерзімі жергілікті атқарушы органдың шешімі бойынша ұзартылады.

10. Өнірлік маңызы бар индустриялық аймақ қызметі басқарушы компаниямен үш жылдық кезеңге бекітілетін индустриялық аймақтың даму стратегиясына, сондай-ақ Заңның 14-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленетін даму жоспары және оның инфрақұрылымына сәйкес жүзеге асырылады.

11. Өнірлік маңызы бар индустриялық аймақта қатысуышылардың қызметі индустриялық аймақтың қатысуышы немесе бірнеше қатысуышы мен индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы арасында жасалатын, индустриялық аймақтың аумағында және (немесе) олардың құқықтық режимінде қызметті жүзеге асыру талаптарын, тараптардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейтін шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

12. Мемлекеттік көрсетіледін қызметтерді "бір терезе" қағидаты бойынша ұсынуды өнірлік маңызы бар индустриялық аймақтың аумағында "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

13. Өнірлік маңызы бар индустриялық аймақ қызметінің тиімділігін бағалау Заңның 11-бабы 19) тармақшасына сәйкес уәкілетті органмен бекітілетін Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

### **4-тaraу . Қорытынды ережелер**

14. Осы Үлгілік ережемен реттелмеген өнірлік маңызы бар индустриялық аймақтың қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК